

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1. Алыс және жергілікті қатынаста жолаушылар тасымалын ұйымдастыру.....	4
1.1 Берілген полигонның жүріс мөлшерін.....	4
1.2 Жолаушылар пойызын құрастыру бойынша есептеме жоспары.....	4
1.3 Жолаушылар вагондарының парктері мен поезд құрамаларының қажетті санын анықтау.....	6
1.4 Алыс және жергілікті қатынастағы жолаушылар тасымалының көрсеткіштерін анықтау.....	11
2. Қаламандық тасымалда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру.....	18
2.1 Зоналық стансалар орналасуы мен санын анықтау.....	18
2.2 Қала маңдық пойыздар қозғалысының өлшемдерін есептеу.....	20
2.3 Жолаушылар вагон түрлері.....	22
3. Жолаушыларға қызмет көрсетудің техникалық құралдарының қуатын анықтау.....	26
3.1 Алыс және жергілікті қатынастың билеттік кассаларының санын анықтау.....	26
3.2 Вокзалдың анықтама бюросында жолаушыларға қызмет көрсету көрсеткіштерін есептеу.....	28
3.3 Автоматты сақтау камераларындағы ұяшықтардың керектік санының анықтауы.....	29
3.4 Уақытша сақтау камерасы.....	29
Қорытынды.....	31
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	32

Кіріспе

Жолаушылар стансасы жолаушыларға қызмет ету (билеттер сатады, жолаушыларды түсіріп, мінгізеді, ауыр ауқымды жүкпен қол жүгін қабылдайды, сақтайды және қайтарып береді, пошта товарларын қабылдап, жөнелтеді), жүріс құрамын тасымалдауға дайындау және жолаушылар пойыздарының жүруін ұйымдастыру жұмысын орындайды. Негізгі қызметіне қарай жолаушылар стансасының үш түрі болады: алыс аралық, жергілікті және қала маңдық жолаушылар жүрісін ұйымдастыратын басты станса; қала маңдық телімдерде жолаушылар жүрісін ұйымдастыратын өрістік станса (бұған теміржол мен метрополитен тоғысқан жердегі станса да кіреді).

Алыс аралық, жергілікті және қала маңдық қатынастарды басқаратын жолаушылар стансасының мына негізгі құрылғылары болу керек: жолаушылар вокзалы, жолаушыларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету үй-жайлары; вокзал алаңдарын қосатын бір және әр деңгейдегі (тоннельдер, жолаушылар көпірлері) жол платформалары; пойыздарды қабылдап, жөнелту, маневр операцияларын орындау және жеке вагондардың уақытша тұруы (қызметкерлерге, транзитті жолаушылар мен басқаларға арналған) үшін арналған жолдар; тазалау, жөндеу, құрастыру, жабдықтау және күту уақытында тұратын бірқатар құрамдарға арналған техникалық парк (мұндай құрамдар саны көп болса, өз алдына бөлек техникалық станса салынады); локомотив және вагон шаруашылығы; жүк және пошта құрылғылары; СОБ және байланыс, түйіспе желісі, жарықтандыру, су, канализация, жылу жабдықтарының құрылғылары.

Курстық жоба барысында Қарағанды-Көкшетау бағытындағы қалааралық, алыс және жергілікті қатынастағы жолаушылар тасымалын ұйымдастыру орындалады. Қарағанды-Көкшетау 2 бағыты бойынша темір жол ұзындығы - 537км. А-Б (Қарағанды-Осакаровка) бағыты бойынша темір жол ұзындығы - 109км, Б-Д (Осакаровка - Көкшетау) бағыты бойынша – 498 км, Б-В (Осакаровка - Шортанды) бағыты бойынша-132 км, В-Г (Астана - Шортанды) бағыты бойынша - 67км.